

## Нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Алматы облысы Көксу ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 04 маусымдағы N 236 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Көксу ауданының Әділет басқармасында 2012 жылы 18 маусымда N 2-14-131 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Көксу аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 18 желтоқсандағы N 341 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Көксу аудандық әкімдігінің  
18.12.2013 N 341 қаулысымен.  
Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 13)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабының 2-тармағына сәйкес, Көксу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Еңбек нарығындағы жағдай мен бюджет қаражатына қарай нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесі келесідей белгіленсін:  
уәкілетті органға жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтар;  
ұзақ мерзімде жұмыс жасамаған азаматтар;  
отбасында бірде-бір жұмыс істейтін мүшесі жоқ тұлғалар;  
бұрын жұмыс жасамаған адамдар.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Әлия Секерғалиқызы Садықоваға жүктелсін.

3. Осы қаулы Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*М. Өсербаев*